



Әдебиет әлеміндегі ӘКІМ ТАРАЗИ

Қазақ әдебиетінде биыл зор қуаныш! Халқымыздың сүйікті жазушысы, елмізге белгілі драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Әкім Тарази ағамыз 85 жасқа толып отыр.

Әкім ағамыздың шығармашылығы оның көркемдігімен, әсемділігімен, мәнді, мағыналылығымен, маңыздылығымен құнды десек артық айтқандай болмаспыз. Прозалық туындылары ой тереңдігімен көптеген оқырмандарлы таңқалдырып келеді. Ағамыздың өзгелерге ұқсамайтын өзіндік стилі бар. Әдебиет әлемінде қолтаңбасы айқын, шығармаларында идеялық ізденістері сол өз стилімен ерекшеленетін қаламгер екенін байқатады.

2016 жылдың қаңтар айында Әкім ағамыз Ұлттық Академиялық өзінің жеке кітапханасында сақтап келген мыңға жуық кітабын сыйға тартты. Әкім Тарази ағамыз бұл кітаптарды студенттік жылдарынан бастап жинай бастаған. Әр жылдарда жазушы кітапханасы әдебиеттермен, ең алдымен, көркем туындылармен және тарих, философия, тіл білімі бойынша ғылыми-танымдық еңбектермен толықтырылды. Топтаманың басым бөлігі қазақ ақын-жазушыларының, көрнекті қоғам және саясат қайраткерлерінің шығармаларынан, Қазақстан тарихы, мәдениеті туралы кітаптардан тұрады. Сондай-ақ мұнда шетел әдебиеттері де баршылық.

Ә. Тарази өз топтамаларын ҚР Ұлттық академиялық кітапханасына беруінің басты себебі – кітапхана ұжымы мен белгілі қаламгердің бірнеше жылдан бері шығармашылық байланыста болуы. 2007 жылдан бастап Әкім Үртайұлы «Бір ел – бір кітап» акциясын ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары. Сондай-ақ қаламгер кітапханада өткізілген іс-шаралардың құрметті қонағы болып келді. Бұдан басқа, жазушы кітап топтамалары көпке қолжетімді болып, оқырмандардың белсенді пайдалануына жағдай жасалғанын қалайды.

Кітапханадағы Ақпараттық-библиографиялық сервис қызметінің мамандары Әкім Таразидың шығармашылығы бойынша библиографиялық көрсеткіш әзірледі, көрсеткішке «Әкім Таразидың биографиясы», «Тарази туралы ойлар», «Әкім Таразидың шығармалары», «Әкім Таразидың мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалары» (1969-2015 жж.), «Әкім Таразидың драматургиясы», «Әкім Тарази шетел

дерккөздерінде», «Әкім Таразидың аудармалары», «Сценарий авторы – Әкім Тарази», «Әкім Таразидың өмірі мен шығармашылығы туралы», «Электронды ресурстар» атты бөлімдер, сондай-ақ жазушы туралы Интернет ресурстар да кірістірілген. Басылым әдебиеттанушы ғалымдарға, ЖОО мен мектеп оқытушыларына, студенттерге, оқушыларға, кітапханашыларға, сондай-ақ Әкім Таразидың өмірі мен шығармашылығын зерделейтін оқырман қауымға арналады.

Ү.Д. МҰҢАЛБАЕВА

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор ҚР Ұлттық академиялық
кітапханасының басшысы